

Мәртөк ауданының ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға үстемақы белгіленуі туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 28 наурыздағы 2008 жылғы N 39 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 15 сәуірде N 3-8-51 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 04.11.2016 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 17.04.2014 № 121 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ ҚРЗ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-ІІІ ҚРЗ "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына және 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ҚРЗ "Білім беру туралы" Заңының 53 бабының 2 тармағына 1 тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2010.04.23 № 166 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) Шешімімен.

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және Мәртөк ауданының ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 17.04.2014 № 121 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. 2008 жылғы 25.03. № 04-1/998 Мәртөк аудандық әділет басқармасының

ұсынысы бойынша 2007 жылғы 13.12. № 17 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және білім беру мамандарына үстемақы белгіленуі туралы" шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

А. Шек

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Смағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК